



2.11-сурет. ЖБЖБҚ-ның жалпы сұлбасы

Якорлі ұстау жүйесімен бекітілген ЖБЖБҚ негізден және одан орналасқан бұрғылау қондырғылы платформадан тұрады. Негізге – айнымалы жүргізгішкі потондар және платформа астындағы тіректер кіреді. Тасымалдау жағдайында үлкен массасына қарамастан ЖБЖБҚ шығып тұрады. Бұрғылау нүктесінде потондар сумен толтырылып, қондырғының негізі 18-30 м-ге түсіріліп, якорланады. Ал платформа жабдықтарымен және оған қатты түрде жалғанған негіз бөлігі судың бетінде қалады.

Жартылай батпалы жағдайында ЖБЖБҚ өзінің тіректерінің жүзгіштігі арқасыда ұсталады. Сумен толтырылған потондар ЖБЖБҚ-ң ауырлық ортасын төмендетеді. (егер ортасы судың жоғарғы жағында болса, толқындар қысымын әсерінде болар еді) қатты (күшті) толқын жүктемелерін қабылдайтын элементтердің қима ауданының кішірейту және ауырлық ортасын төмендету ЖБЖБҚ-ның тұрақтылығын арттырады. Якорлі ұстау жүйесі тек қана 300м тереңдікке арналған, өйткені тереңдік өскен сайын якорлі тростардың ұзындығы өседі, якорлі лебедкалардың салмағы мен габариттары, өседі, олар якорлау процестерін қиындатады. Мұндай ЖБЖБҚ, мысалы «Седко-701» (Великобританияда жасалған) «Шельф».

ЖБЖБҚ-ны динамикалық позициялау якорлі бекітуге қарағанда бұрғылау процесінде ұңғы үстінде қондырғыны ұстау жүйесімен ерекшеленеді. Айырмашылығы: мұнда акустикалық аппарат, есептеуіш машина және винттен тұрады (көлденең және бойымен орналасқан).

Шығатын сигналдар гидрофондармен қабылданып, есептеуіш машина арқылы ЖБЖБҚ-ның орналасу жағдайын анықтайды. Скважинаға қатысты өзінің орнын ауыстырған кезде автоматикалы түрде сәйкес қозғалтқыштарға команда беріліп, өз орнына қайта қойылады.

Теңіз тереңдігі өскен сайын динамикалық жүйенің тиімділігі өседі (артады). Сондықтан, оны 6000 м дейін қолдануға болады. ЖБЖБҚ якорлі